



Мұхамеджан Қаратаевтың туғанына 100 жыл толуын және Григорий Николаевич Потаниннің туғанына 175 жыл толуын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 9 наурыздағы № 179 Қаулысы

«Мерейтойлар мен атаулы күндерді мерекелеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылы 28 қыркүйектегі № 1465 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстанның әдебиет қайраткері Мұхамеджан Қаратаевтың туғанына 100 жыл толуын және Қазақстанның этнограф-ғалымы, публицисі, зерттеушісі Григорий Николаевич Потаниннің туғанына 175 жыл толуын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарлары бекітілсін.

2. «2009 - 2011 жылдары республикалық деңгейде өткізілетін мерейтойлар мен атаулы күндердің тізбесі туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 4 наурыздағы № 31-ө өкіміне мынадай толықтыру енгізілсін: көрсетілген өкіммен бекітілген 2009 - 2011 жылдары республикалық деңгейде өткізілетін мерейтойлар мен атаулы күндердің тізбесі: мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 8-1-жолмен толықтырылсын:

«

8-1.	Мұхамеджан Қаратаевтың 100 жылдығы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МАМ, БҒМ, Алматы қаласының әкімі	2010 жыл
------	------------------------------------	-------------------------------------------	----------------------------------	----------

».

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

9

н а у р ы з д а ғ ы

№ 1 7 9

қ а у л ы с ы м е н

б е к і т і л г е н

Қазақстанның әдебиет қайраткері Мұхамеджан Қаратаевтың туғанына 100 жыл толуын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. Жоспарға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.07.19 N 733 Қаулысымен.

--	--	--	--	--	--

Р/с №	Іс-шараның атауы	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімі	Қаржыландыру көздері	Болжамды шығыстар (мың теңге)
1	2	3	4	5	6
1	Мұхамеджан Қаратаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған кітаптар басып шығару	Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі	2010 жыл бойы	017 «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» республикалық бюджеттік бағдарламасы	2999,36
2	Мұхамеджан Қаратаев туралы деректі фильм жасау және оны телеарналарда көрсету	Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі	2010 жыл бойы	025 «Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу» республикалық бюджеттік бағдарламасы	1600,0
3	Салтанатты жиналыс және Қазақстанның өнер шеберлерінің концертін өткізу	Алматы қаласының әкімі	2010 жылғы тамыз	Жергілікті бюджет	1500,0
4	«Еске алу кеші» атты концерт ұйымдастыру және өткізу	Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі	2010 жылғы қазан	011 «Әлеуметтік маңызды және мәдени іс-шараларды өткізу» республикалық бюджеттік бағдарламасы	3347,414
5	«Академик Мұхамеджан Қаратаев және XX ғасыр әдебиеттану ғылымы» атты ғылыми-теориялық конференция дайындау және өткізу	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	2010 жылғы желтоқсан	Бюджеттен тыс қаражат	350,0
	ЖИЫНЫ:			Республикалық бюджет	7946,774
				Жергілікті бюджет	1500,0
				Бюджеттен тыс қаражат	350,0

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и қ а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

9

н а у р ы з д а ғ ы

№ 1 7 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстанның этнограф-ғалымы, публицисі, зерттеушісі Григорий Николаевич Потаниннің туғанына 175 жыл толуын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. Жоспарға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.07.19 N 733 Қаулысымен.

Р/с №	Іс-шаралар атауы	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімі	Қаржыландыру көздері	Болжамды шығыстар (мың теңге)
1	2	3	4	5	6
1	«Географиялық қоғам бөлімшесінің жазбаларындағы Г.Н. Потаниннің мақалалары» тақырыбына көрме (ретро-шолу) өткізу	Шығыс Қазақстан облысының әкімі	2010 жылғы шілде	Жергілікті бюджет	40,0
2	Павлодар қаласында Г.Н. Потаниннің барельефін дайындау және оны Тарихи өлкетану мұражайы ғимаратының алдына орнату	Павлодар облысының әкімі	2010 жылғы қыркүйек	Жергілікті бюджет	3500,0
3	«Г.Н. Потанин және Ш. Уәлиханов: өмірдей ұзақ саяхат» тақырыбына көрме өткізу	Шығыс Қазақстан облысының әкімі	2010 жылғы қыркүйек	Жергілікті бюджет	30,0
4	Г.Н. Потаниннің туғанына 175 жыл толуына арналған салтанатты кеш және көрме өткізу	Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі	2010 жылғы қыркүйек	0 1 1 «Өлеуметтік-маңызды және мәдени іс-шаралар өткізу» республикалық бюджеттік бағдарламасы	2605,2
5	«Г.Н. Потанин. Қордың құжаттық коллекциясы» көрмесін ұйымдастыру және өткізу	Павлодар облысының әкімі	2010 жылғы қазан	Жергілікті бюджет	300,0
6	Г.Н. Потаниннің 175 жылдығына арналған халықаралық конференция ұйымдастыру және өткізу. Конференцияның қорытындылары бойынша материалдар жинағын басып шығару	Павлодар облысының әкімі	2010 жылғы қазан-қараша	Жергілікті бюджет	1050,0
7	Г.Н. Потаниннің таңдамалы шығармалары жинағын басып шығару	Павлодар облысының әкімі	2010 жылғы қараша	Жергілікті бюджет	1000,0
	ЖИЫНЫ:			Республикалық бюджет	2605,2
				Жергілікті бюджет	5920,0